



Ақтоғай ауданы әкімдігінің "Ақтоғай ауданы білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Өнер мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны өткізетін білім беру қызметтеріне бағалар бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 06/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 5702 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 07/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 05.02.2021 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақтоғай ауданы әкімдігінің "Ақтоғай ауданы білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Өнер мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны өткізетін білім беру қызметтеріне бағалар бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданының әкімі

С. Әбеуова

Ақтоғай ауданының
әкімі
2020 жылғы 10 ақпаны
№ 06/01
қаулысына қосымша

Ақтоғай ауданы әкімдігінің "Ақтоғай ауданы білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Өнер мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны өткізетін білім беру қызметтерінің бағалары

№	Ақылы көрсетілетін қызметтердің тізімі	Өлшем бірлігі	1 оқушы үшін төленетін баға (теңге)
1.	Домбырада ойнауды үйрету	1 ай	700 теңге
2.	Фортепианода ойнауды үйрету	1 ай	700 теңге
3.	Қобызда ойнауды үйрету	1 ай	700 теңге
4.	Эстрадалық вокалға үйрету	1 ай	700 теңге

5.	Дәстүрлі ән салуды үйрету	1 ай	700 теңге
6.	Көркем-эстетикалық бөлімі	1 ай	400 теңге
7.	Музыкалық аспаптарды жалға беру	1 күн	200 теңге
8.	Репетиторлық	1 сағат	300 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК